

# Қазақстан Республикасындағы инфляция

Жариялау күні: 01.08.2025

Келесі жариялау күні: 02.09.2025

## [1. Негізгі сәттер](#)

## [2. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

## [3. Глоссарий](#)

## [4. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

## [5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

## [6. Пайдалы сілтемелер](#)

## 1. Негізгі сәттер

Қазақстан Республикасында 2025 жылғы шілдеде инфляцияның айлық деңгейі баялауды және 0,7% құрады (өткен айда – 0,8%), жылдық деңгей 11,8% құрады (өткен айдың деңгейінде).

Баға ақылы қызметтерге бір жылда – 14,9% (2025 жылғы маусымда – 16,1%), азық-түлік тауарларға – 11,2% (2025 жылғы маусымда – 10,6%), азық-түлік емес тауарларға 9,5% өсті (2025 жылғы маусымда – 9,4%).

### Өңірлердегі шілде айындағы жылдық инфляция

	2025	2024	пайызбен, өсім 2023
<b>Қазақстан Республикасы</b>	11,8	8,6	14,0
Абай	12,4	8,1	13,4
Ақмола	12,4	9,2	14,7
Ақтөбе	11,7	8,6	13,2
Алматы	10,7	5,7	12,7
Атырау	11,7	8,8	11,8
Батыс Қазақстан	11,6	8,5	13,7
Жамбыл	10,1	7,9	13,7
Жетісу	10,6	8,7	14,3
Қарағанды	13,8	10,6	13,7
Қостанай	10,8	7,7	13,8
Қызылорда	10,4	7,5	14,0
Маңғыстау	10,0	10,4	14,6
Павлодар	10,0	9,5	13,4
Солтүстік Қазақстан	12,0	8,9	15,4
Түркістан	11,2	7,1	13,9
Ұлытау	11,8	6,7	15,4
Шығыс Қазақстан	11,9	9,0	14,0
Астана қаласы	12,3	10,8	15,4
Алматы қаласы	13,2	8,6	14,2
Шымкент қаласы	11,4	7,5	13,6

### Динамикалық кестелер:


[1. 2000-2024 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

[2. 1993-2024 жылдардағы өңірлер бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

## 2. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым

Инфляцияның жылдық деңгейіне ең үлкен үлесті азық-түлік және алкогольсіз сусындар (4,4 пайыздық тармақ), тұрғын үй қызметтері (1,8 пайыздық тармақ), денсаулық сақтау қызметтері (1,4 пайыздық тармақ) қосты.

## Қазақстан Республикасындағы инфляциясына тауарлардың негізгі топтарының үлесі



### 2025 жылғы шілдедегі Қазақстан Республикасында жылдық инфляцияға жекелеген құрамдас бөліктерінің үлесі

		пайызбен, өсім	
Тауарлар мен қызметтер		Өсу қарқыны	Баға өсіміне салым
<b>Азық-түлік тауарлар</b>		11,2	4,621
Нан өнімдері мен жармалар		3,6	0,267
Ет және ет өнімдері		13,2	1,539
Сүт өнімдері		8,2	0,349
Жұмыртқа		0,3	0,004
Май және тоң май		20,3	0,495
Жемістер мен көкөністер		19,4	1,028
Қант		3,6	0,035
Алкогольсіз сусындар		12,2	0,247
<b>Азық-түлік емес тауарлар</b>		9,5	2,835
Киім		9,8	0,612
Аяқ киім		11,6	0,356
Жуғыш заттар		3,3	0,051
Бензин		5,8	0,283
Жеке қолдану тауарлар		6,6	0,207
<b>Ақылы қызметтер</b>		14,9	4,304
Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері		15,7	1,774
тұрғын үйді күтіп ұстауға төлем		11,9	0,064
тұрғын үйді жалға алу		11,8	0,413
тұрғын үй жайларды жөндеу және қызмет көрсету		6,9	0,204
суық су		96,1	0,463
ыстық су		15,5	0,040
қоқыс шығару		10,9	0,032
суды бұру		34,6	0,064
электр энергиясы		11,3	0,144
газ		15,9	0,141
тарату желілері арқылы тасымалданатын газ сұйытылған		15,5	0,115
		18,5	0,026
орталықтан жылыту		19,2	0,133
қатты отын		8,9	0,066
домофон		11,5	0,010

Бір айда азық-түлік емес тауарлар бағасының деңгейі – 0,8%, азық-түлік тауарлар – 0,7%, ақылы қызметтер 0,5% өсті.

### Бір айдағы инфляция

	пайызбен, өсім			
	Шілде			
	тауарлар мен қызметтер	азық-түлік тауарлар	азық-түлік емес тауарлар	ақылы қызметтер
2021	0,7	0,7	0,5	0,8
2022	1,1	1,0	1,5	0,8
2023	0,6	0,1	0,7	1,0
2024	0,7	0,2	0,7	1,6
2025	0,7	0,7	0,8	0,5

## **Динамикалық кесте:**

**2008-2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтерінің индексі ай сайын**

### **3. Глоссарий**

Инфляция – бұл халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтердің белгіленген тізіміне бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің инфляцияның жалпы мәніне әсер ету шамасы.

### **4. Әдіснамалық түсініктемелер**

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексі есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:

- осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу арқылы жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер;

- халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі тобы бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада жүзеге асырылады. Сауда және қызмет көрсету саласының базалық кәсіпорындарын таңдау жергілікті жерлерде жүзеге асырылады. Зерттеуге әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі өткізетін кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауданың және ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері іріктеледі.

Тұтыну бағаларын байқау және ТБИ есептеу үшін тауарлар мен қызметтер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлері үшін олардың бірыңғай іріктемесін білдіреді. Тауарлар мен қызметтердің тізімі 508 позициядан тұрады, оған халықтың тұтынуында ең көп үлес салмағын алатын ең өкілді түрлер кіреді.

Бағалар туралы ақпарат жинауды баға тіркеушілері тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу орындарында тікелей жүргізеді. Тексеру жүргізілген күні төленген тауарлардың бағасы, салықтарды қоса алғанда, бірақ оларды жеткізгені үшін қосымша алымдарды қоспағанда тіркеледі.

### **5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер**

**[Тұтыну бағаларының индексі және туынды көрсеткіштер](#)**

**[Қазақстан Республикасындағы жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бөлшек сауда бағалары](#)**

**[Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар](#)**

### **6. Пайдалы сілтемелер**

**[Тұтыну бағаларының индексі құру әдістемесі \(ТБИ\)](#)**

**["Тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері"Ц-101 нысаны](#)**

**[Тұтыну бағаларының индексі, сапа бойынша есеп, 2021ж.](#)**

**[Тұтыну бағаларының индексі, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)**

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) / Экономика/ Баға статистикасы

**Шығаруға жауапты:**  
Баға статистикасы  
департаменті

**Орындаушы:**  
А. Макижанова  
Тел. +7 7172 749265

**Департамент  
директорының м.а.:**  
Т. Демешева  
Тел. +7 7172 749494

**Мекен-жай:**  
010000, Астана қаласы  
Мәңгілік ел даңғылы, 8  
Министрліктер үйі, 4  
кіреберіс